

**ӨЛКЕТАНУ
КРАЕВЕДЕНИЕ
LOCAL HISTORY**

ӘОЖ: 37:574:908

<http://orcid.org/0000-0003-3038-3519>

<http://orcid.org/0000-0002-3353-9681>

<http://orcid.org/0000-0002-0003-3270>

¹Ерсайынова Ш.Т., ¹Лайсханов Ш.У., ²Суюндиков А.А.*

¹магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

¹PhD доктор, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

²магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ**

*Автор-корреспондент: asan-777@mail.ru

Түйін: Мақалада жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушылардың экологиялық құзіреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал ететін өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Тақырып бойынша жарияланған ғылыми мақалалар, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау негізінде өлкетану жұмыстары арқылы оқушылардың экологиялық құзіреттілігін қалыптастырудың негізгі үш кезеңі сипатталды. Бірінші кезең өлкетануды оқушылардың экологиялық құзіреттіліктерін қалыптастыру алаңы ретінде қарастырылса, екінші кезең - өлкетануды оқыту процесінде оқушылардың экологиялық құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін білім берудегі пәнаралық байланыстарына талдаумен тығыз байланысты. Ал үшінші кезең - осы жұмыстарды жүргізу үшін жүргізілетін белсенді және интербелсенді әдістерді қолданумен сипатталады. Оқушылардың экологиялық құзіреттілігі «адам – қоғам – табиғат» жүйесінде айқындалады және осы арқылы жеке тұлғаның экологиялық білімі, іскерлігі мен дағдылары, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ететін қасиеттері қалыптасады.


Кілт сөздер: құзіреттілік, экологиялық құзіреттілік, экологиялық білім беру, география, белсенді және интербелсенді әдістер.

Қазіргі экологиялық мәселелердің ғаламдық сипатқа ие бола бастаған тұста экологиялық қауіпсіздік мәселесінің де маңыздылығы артуда. Осыған орай, адамзаттың табиғатқа деген көзқарасын өзгертуі, онымен үйлесімді өмір сүруді үйренуі керек екені айқын. Кез-келген қоғам өкілі экологиялық ойлауды – қоршаған ортаны сақтауды ғана ойлап қоймай, қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерге объективті қарап, тиісті іс-әрееттерді жүзеге асыра алуы қажет. Табиғат заңдылықтарын терең түсіну негізінде экологиялық жағдайды түбегейлі өзгертуге болады. Бұл оқушылардың экологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, болашақ ұрпақтың экологиялық-адамгершілік мәселесін ғана емес, қоршаған орта, сонымен қатар адамның экологиялық жағдайға саналы түрде әсер етуден басталады. Бұл ретте орта білім беру мекемесінің барлық пәндік саласын ғана емес, сонымен қатар экологиялық құзіреттілікті қалыптастыруға септігін тигізетін факультативтік курс - өлкетануды оқытқан және осы курс аясында өлкетану жұмыстарын тиімді ұйымдастырған өте маңызды. Жергілікті экологиялық проблемалардың шешімін таппауының бір себебі мектеп оқушыларының экологиялық құзіреттіліктерін қалыптастырудың жеткіліксіз деңгейі болып табылады, ол білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі басқа мекемелермен әртүрлі құзіреттерді дамытуда сабақтастықты қамтамасыз етуі керек. Зерттеуде мектеп оқушыларының экологиялық құзіреттіліктерін экологиялық маңызды қасиеттерге негізделген «адам - қоғам - табиғат» жүйесінде жеке тұлғаның үйлесімді өмір сүруін және өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін экологиялық білім, білік және дағдылар жүйесі ретінде анықтаймыз[1].

Экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру–білім беру саласындағы салыстырмалы түрде алғанда тың мәселердің бірі. Ол жер шарына адамзаттың әсерінен туындаған қауіпті экологиялық дағдарыспен тығыз байланысты. Өкінішке орай, адамдардың шаруашылық іс-әрекеттерінің ықпалына ғаламдық деңгейде біздің қоршаған ортамыз ластанып, оған үлкен қауіп төніп тұрғанын айқын көріп жүрміз. Осыларды болдырмау және олардың алдын-алу мақсатында адамзаттың атқарып жатқан игі істері де аз емес. Соңғы уақыттары адамзаттың табиғатты тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ғаламдық ауқымда мән бере бастағанын халықаралық ұйымдардың бағдарламалары мен жоспарларында көрініс табуда. Мысалға, экологиялық білім беру туралы мәселе БҰҰ-нда XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап қолға алына бастады[2]. ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасынан бастап, 1971 жылғы Швейцариядағы «Еуропалық конференциясы», 1972 жылғы Стокгольмдегі, 1982 жылы Найробидегі, 1983 жылы Бечтегі, 1987 жылы Мәскеуде өткен конференцияларда жалғасын тапты. 1977 жылы БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО және ЮНЕП ұйымдары Тбилиси қаласында экологиялық білім беруге қатысты қырықтан астам шешімдер қабылдап, ғаламдық стратегиялық жоспарларын бекіткен болатын[3]. Өркениет жетістіктерін мойындамай, экологиялық мәселені түсінбей, оны шешу қажеттілігін ескермей, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын аттамай, қорытындылап, болашаққа көз жүгірту, іс-шараларды жоспарлау мүмкін емес. Бұл мәселе біздің мемлекетіміздің де «Қазақстан Республикасы – 2030» сияқты даму бағдарламаларында көрініс тапқан[4].

Қазіргі өлкетану жұмыстарында мұғалімдер жаңа материалды оқушыларға жеткізу мақсатында заманауи әдіс-тәсілдер мен құралдарды пайдаланады. Адамның белгілі бір өлкенің тұрғыны ретінде өзінің туған жеріне өзгелерден гөрі жақсырақ тану керектігін сезіне отырып, оқушылар өздерінің туған өлкесінің табиғаты мен географиясын және тарихын жақсы білуі керек. Міне, ол осы арқылы кіші Отанына пайдасын тигізетін экологиялық құқықтар мен әдептерді игереді және қоғам өміріне белсене араласатын, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарайтын тұлға ретінде білім алып шығады. Сондықтан, оқушының өз өлкесін жақсы білуге және үйренуге мүмкіндік беретін өлкетану жұмыстарын орындаудың рөлі артып келеді.

Бұл мақаланың мақсаты - жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушылардың экологиялық құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал ететін өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудағы ерекшеліктерін көрсету. Осыған сәйкес, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды зерделеу арқылы өлкетану жұмыстары арқылы экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі 3 кезеңнен тұратындығын анықтадық (сурет 1).



Сурет 1. Өлкетану жұмыстары арқылы экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдері

Өлкетануды оқушылардың экологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру алаңы ретінде талдау. Бірінші кезеңде мектеп оқушыларының экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың негізі ретінде зерттеуімізде қолданылған өлкетанудың негізгі ережелеріне сапалы талдау жүргіземіз. Экологиялық тәжірибені жүзеге асырудың маңызды құралы тұрақты даму мүддесіндегі білім беру - білім алушының өзгермелі жағдайларға бейімделу деңгейін арттыруға, оның кәсіби және әлеуметтік ұтқырлығын қалыптастыруға, жеке қажеттіліктер мен қоғам дамуының әлеуметтік маңызды мүдделеріне сәйкестендіруге бағытталған білім беру моделі. Экологиялық білім беру саласындағы шетелдік зерттеушілер [5] атап өткендей, құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асыру оқушылардың өз бетінше дұрыс таңдау жасау және проблемалық жағдайларда сауатты әрекет ету қабілеттері мен дағдыларын дамытуға жағдай жасаудан тұрады. Сондықтан өлкетану курсы тек курстық білім, білік, дағды ғана емес, мектеп оқушыларының экологиялық құзыреттіліктерін қалыптастырудың алаңы деп есептейміз. Тұрақты даму үшін білім беру білім алуды, экономикалық салада экологиялық ережелер мен шектеулерді белгілеу және қолдану дағдыларын дамытуды, адамның табиғатпен үйлесімді салауатты өмір салты саласындағы құзыреттілігін арттыруды және әлеуметтік құндылықтарды құрметтеуді қамтамасыз етеді. Көбінесе бұл талаптар өлкетанумен бірге географиялық білімге де сәйкес келеді. Себебі, іргелі ғылымдардың ішінде география қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесу мәселелерін жан-жақты зерттейтін бірден-бір ғылым болып саналады. Ол іс жүзінде ғылымның барлық топтарымен белсенді ынтымақтасады: жаратылыстану, гуманитарлық, техникалық және т.б. Сонымен, экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудағы пәнаралық көзқарас қағидаттарына сүйене отырып, ғылыми білімнің бүкіл жүйесін географиялық қамту тенденциясы бар деп айтуға болады.

Жеке тұлғаның табиғатпен үйлесімді өмір сүруін және өзара әрекетін қамтамасыз етуді білдіретін «адам - қоғам - табиғат» жүйесін өлкетану курстарында түсіндіру - мектеп оқушыларының экологиялық құзыреттіліктерін дамытуға септігін тигізеді. Адамзаттың тұрақты дамуының жаһандық мәселесін шешу үшін қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты оңтайландырудың ғылыми негіздері мен практикалық ұсыныстарын жасау сияқты міндеттер географияның да, өлкетанудың да алдына қойылады.

Өлкетану жұмыстарын педагогикалық жобалау. Бұл кезеңде мектеп оқушыларының экологиялық құзыреттілігін тиімді қалыптастыру мүддесіне сай, педагогикалық жобалау позициясы негізінде өлкетану жұмыстарын жобалау. «Педагогикалық дизайн» термині арқылы кәсіби педагогикалық тәжірибеге барабар білім берудің тиімді, ұтымды және қолайлы жолдарын, әдістері мен жүйесін әзірлейтін ғылыми пәнді түсінеміз [6]. Орта білім беру жүйесінде экологиялық білім беру келесі пәндердің мазмұнын оқу арқылы жүзеге асырылады: «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Химия», «Физика», т.б. Алайда, мектептегі өлкетану курсына оқушыларда табиғаттың тұтастығы, табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғи жағдайлардың адам өмірі үшін маңызы және адам әрекетінің әсерінен табиғаттың өзгеруі және т.б. оқып-үйренеді. Сондықтан, жұмыстары - оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың бойында өз өлкесінің экологиясына жауапкершілікпен қарауға, шығармашыл белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға көп көңіл бөлу; табиғат пен адам арасындағы әр түрлі аумақтық деңгейде қарым-қатынастардың дамуын болжау, экологиялық проблемалардың мәнін түсінуге үйретуге бағытталған.

Мектеп оқушыларының өлкетануды оқыту процесінде экологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру білім берудегі күрделілік пен пәнаралық байланыс принциптерін жүзеге асырғанда ғана мүмкін болады. Сондай-ақ білім беру ортасын қалыптастырудың қазіргі кезеңінде экологиялық құзыреттіліктерді дамыту үшін географияны оқытудың дәстүрлі

жүйесін экологиялық императивтерге негізделген жаңа технологиялармен толықтыру қажет [7]. Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы басқа қарым-қатынастар, басқа тәсілдер, басқа педагогикалық менталитет қажет.

Оқушылардың экологиялық құзыреттіліктерін дамытудың тиімді жолдарын апробациялау және рефлексиялау. Оқушыларының экологиялық құзыреттілігін дамытудың тиімді құралдарын апробациялау және рефлексиялау жұмыстарында интербелсенді және белсенді оқыту әдістердің маңызы ерекше.

Бұл кезеңде экологиялық-географиялық мәселелерді шешудің интербелсенді әдістерінің ішінде «Ирек», «635» әдісі, миға шабуылдың бірқатар түрлері, экологиялық жағдайды модельдеу, эвристикалық әңгімелесу, рөлдік және іскерлік ойындар, тренингтер, кейс әдісі (нақты экологиялық жағдайларды талдау әдісі), мектеп оқушыларының экологиялық проблемаларды анықтауға, себептерін талдауға және оларды шешу жолдарын іздеуге арналған ғылыми-зерттеу және жобалық әрекеттерін қолдану маңызды. Бұл әдістер оқу процесін ұйымдастырушы ретінде әрекет ететін мұғалімді қоса алғанда, білім беру процесінің барлық қатысушыларының өнімді өзара әрекеттестігіне негізделген. Интербелсенді оқыту процесі оқушылардың өздерінің және сыныптастарының ынтымақты түрде тәжірибе алмасуына бағытталған. Күнделікті интербелсенді жаттығулардың көпшілігі оқушының өзінің тәжірибесіне сілтеме жасайды. Мұндай тәжірибе алмасу экологиялық құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал етеді [8].

Белсенді оқыту барысында оқушы оқу субъектісі ретінде әрекет етеді: ол шығармашылық тапсырмаларды, өзіндік жұмыстарды орындайды. Осы ғылыми зерттеуде қолданылатын оқытудың белсенді формаларына мыналар жатады: экологиялық-географиялық мазмұны бар проблемалық шағын дәріс, алдын ала жоспарланған қателері бар дәріс, лекция-пресс-конференция, қиын жағдайларды пайдаланатын сабақтар, географиялық және экологиялық сипаттағы шығармашылық есептерді шешу және т.б.

Белсенді және интербелсенді әдістердің көптеген ұқсас элементтері бар, бірақ олардың негізгі айырмашылығы - оқушылар мен мұғалімнің іс-әрекетіне кететін уақыт мөлшері және оқу іс-әрекеті барысында соңғысының рөлінің жоғары болуында. Белсенді оқыту барысында оқушылардың белсенділігі интербелсенді оқытуға қарағанда аз уақытты алады. Ал белсенді әдістерде оқушы оқу субъектісі ретінде әрекет етеді: шығармашылық тапсырмаларды, өзіндік жұмыстарды орындайды. Сонымен, интербелсенді оқытуда оқушылар топтық әдістер, тәжірибе алмасу арқылы 80-95%-ға дейін материалдарды өз бетімен оқиды [9].

Оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда өзін-өзі және өзара бағалаудың тиімді құралы ретінде дәстүрлі рефлексиялық әдістерді қолдану қажет: «Сөз тіркесін аяқта», «Бір сөзбен», «Рефлексиялық мақсат» және т.б. Оларды өлкетану сабақтарының қорытынды кезеңінде пайдалану экологиялық құзыреттіліктердің жасырын құрамдас бөліктерін (фактілерге (оқиғаларға, құбылыстарға) жеке көзқарас), экологиялық проблеманы тапсырманы түсіну дәрежесі мен жеке маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта экологиялық білім беру жүйесінде мұғалімдер қолданатын құралдардың, нысандардың және әдістердің айтарлықтай көп екендігін атап кеткен жөн. Жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістері, оларды сабақта шебер пайдалану пәнге деген қызығушылықты арттыруға, оқушылардың зейінін аударуға, шаршау мен шамадан тыс жүктемені болдырмауға және оқушылардың экологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға белсенді ықпал етуге мүмкіндік береді. Экологиялық білім табиғаттың құрылымы мен құндылығын, оның адам үшін экономикалық және өмірлік маңызын түсіндіруге мүмкіндік береді. Алынған экологиялық білімдер, қоршаған ортаны қорғау дағдылары негізінде іс-әрекет, оқушылардың экологиялық мәдениет негіздерін және қоршаған табиғи ортаға ұқыпты және жауапкершілікпен қарау қажеттігі туралы білімін қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Афанасьева О. Г. Экологическая деятельность как основа формирования гармоничных отношений в системе «человек – общество – природа // Вестник Башкирского университета, 2008, Т. 13. №2, стр.401-403.
2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы. URL: <https://unece.org/> (жүгіну күні: 01.03.2022).
3. ЮНЕП-тің қоршаған ортаны қорғау стратегиясы. Білім және оқыту. URL: <https://wedocs.unep.org/> (жүгіну күні: 07.03.2022).
4. «Әділет» АҚЖ [Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі](https://adilet.zan.kz/kaz/) URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/> (жүгіну күні: 07.03.2022).
5. Экологическое образование для устойчивого развития: отечественный и международный опыт: материалы междунар. науч.-практ. конф. Минск, 26–28 апреля 2016 г. /УО «Респ. центр экологии и краеведения»; редкол.: С.С.Кашлев(отв. ред.), Минск, 2016, 92с.
6. Merrill, M. D., Drake, L., Lacy, M. J., Pratt, J., & the ID2 Research Group. Reclaiming instructional design. Educational Technology, 36(5), 1966, p.5-7.
7. Игнатов С. Б. Экологическая компетентность в контексте образования для устойчивого развития // Образование и наука, 2011, вып.80.№1, с.22-31.
8. Гуцин Ю.В. Интерактивные методы обучения в высшей школе // Дубна: психологический журнал Международного университета природы, общества и человека. 2012, № 2.
9. Активные и интерактивные образовательные технологии (формы проведения занятий) в высшей школе: учебное пособие // сост. Т.Г. Мухина. Новгород: ННГАСУ, 2013, 97 с.

Аннотация: В статье рассмотрены вопросы организации краеведческой работы, способствующей эффективному формированию экологической компетентности учащихся в организациях общего среднего образования. На основе анализа опубликованных научных статей, научно-методической литературы по теме были описаны три основных этапа формирования экологической компетентности учащихся через краеведческую работу. Первый этап рассматривал краеведение как площадку формирования экологических компетенций учащихся, второй - тесно связан с анализом межпредметных связей в образовании для формирования экологических компетенций учащихся в процессе обучения краеведению. А третий этап - характеризуется применением активных и интерактивных методов, проводимых для проведения этих работ. Экологическая компетентность учащихся определяется в системе "человек - общество - природа" и тем самым формируются экологические знания, умения и навыки личности, качества, обеспечивающие гармоничное сосуществование с окружающей средой.

Ключевые слова: компетентность, экологическая компетентность, экологическое образование, география, активные и интерактивные методы.

Abstract: The article deals with the organization of local lore work, contributing to the effective formation of students' environmental competence in general secondary education organizations. Based on the analysis of published scientific articles and scientific-methodological literature on the topic, three main stages of the formation of environmental competence of students through local lore work were described. The first stage considered local lore as a platform for the building of environmental competencies of students, the second - technically related to the analysis of interdisciplinary links in education to form environmental competencies of students in the process of teaching local history. And the third stage - characterized by the use of active and interactive methods carried out to conduct these works. The ecological competence of students is defined in the system "man - society - nature", and thus the environmental knowledge, abilities and skills of the person, the qualities providing harmonious coexistence with the environment, are formed.

Keywords: competence, environmental competence, environmental education, geography, active and interactive methods.